



# ЖАҢАЛЫҚ

## Жаршысы

№14 (2377)  
26 наурыз 2025 жыл  
сәрсенбі

zhanalyk\_zharshysy@mail.ru

Газет 1990 жылдың  
1 қаңтарынан бастап шыға бастады

Әйтеке би ауданының қоғамдық-саяси газеті

Құрметті оқырман! Газеттің электрондық нұсқасы жұмыс жасайтынын хабарлаймыз! <https://zhanalyq-zharshysy.kz>



Дәулетияр Тоғызбаев,  
Әйтеке би ауданының әкімі

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жалпы қоғамды жегі құрттай жайлап, кез келген елдің дамуына кедергі келтіретін сыбайлас-жемқорлыққа қатысты мәселені күн тәртібінен түсірген емес және де қауіпті ішкі мәселе ретінде барлық саланың тамырына қан жүгіртпей, тежел тұратын «ішкі» ілгері баспауы үшін барлық қатаң шараларды қабылдауды тапсырды. Барлық деңгейдегі басшылар Президентіміз алға қойға маңызды міндетті орындау бағытында іс-шаралар қабылдауда, осыған байланысты комиссиялар жұмыс жасауда. Өйткені, сыбайлас жемқорлықпен барлық адамдар, жаппай қоғам күресіп, күшін біріктірсек, көп нәтижеге қол жеткізуге болады. Сондықтан бұл бағытта біздің ауданымызда да аяқ жұмыс атқарылмады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас

## ҚАУІПТІ КЕСЕЛМЕН ҚОҒАМ БОЛЫП КҮРЕСУ КЕРЕК

жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында ауданымызда көптеген іс-шаралар жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлықпен күресті тиісті органдар ғана емес, барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары тиісті құжаттамалық және заңдық тұрғыда бақылау жасап, өздерінің лауазымдық деңгейінде заң талаптарының орындалуына назар аударып, оның әрбір бабының нақты жүзеге асуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлық тамырының үзілмеуіне көбіне мемлекеттік құқық бұзушылықтарға немқұрайлы қарау, қызметшілердің білім мен білік деңгейінің төмендігі, әдептілік ұстанымының жеткіліксіздігі әсер ететін болса керек. Сондай-ақ олардың қызметіне жауапсыз қарауы, келген адамның танымал жағалауына әкеледі. Бұның аяғы жемқорлыққа жол ашады. Мұны үнемі назарда ұстап келеміз және бақылауды босаңсытпау үшін қатаң шаралар қабылданып жатқанын көріп жүрміз.

2024 жылдың қорытындысы бойынша ауданда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстар, бекітілген жылдық жоспарға сай жүзеге асырылды. Жыл қорытындысы бойынша 4 комиссия отырысы өткізіліп, сыбайлас жемқорлық көріністеріне тап болған жағдайда іс-қимыл тәртібін түсіндіретін үлестірімі материалдар тұрақты түрде таратылды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бейнероликтер дайындалып, қоғамдық орындарда көрсетіліп келеді. 15 ауылдық округте аталған тақырыпта баннерлер орналастырылды.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жетілдіру мақсатында Әйтеке би ауданында «Ақтөбе адалдық алаңы» жобасы аясында халыққа қызмет көрсетудің сервистік үлгісіне көшу мақсатында Т.Жүргенов ауылында және Қарабұтақ ауылдық округінде «Ашық өкімдік» кеңселері жұмыс жасауда. Осы жоба аясында аудан өкімді-

гі ғимаратының бірінші қабатында ашықтық және қолжетімділік көрсеткіші ретінде «OPEN SPACE» (фронт офис) кабинеті жұмыс жасауда. Және де М.Жұмабаев, Т.Жүргенов, Қосмопол жалпы орта білім беретін мектептерде «OPEN SPACE» кабинеттері жасақталған. 15 ауылдық округ, 30 мектепте өз-өзіне қызмет көрсету бұрыштары жұмыс жасауда. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша қайта даярлау курсынан 10, біліктілікті арттыру курсынан 33 мемлекеттік қызметші өтті. «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі бойынша Әйтеке би ауданының жергілікті атқарушы органдарына 2024 жылы жеке және заңды тұлғалардан - 708 өтініш түсті. Оның ішінде: жолданымдар - 504, шағымдар - 21, ұсынымдар - 123, сұраныстар - 54, хабарламалар - 6. Түскен жолданымдар уақытында қаралып, тиісті шешімдері қабылданды. Қайта бағытталды (жергілікті атқарушы органдарға) - 42. Сонымен қатар, 169 жеке тұлға қабылдауда болды. Оның ішінде өкім - 124, өкім орынбасарлары - 37, аппарат басшысы - 8 жеке тұлғаны сұрақтары бойынша қабылдап, 99 мәселе қанағаттандырылып, 70 мәселе бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Бюджет қаражатының игерілуінде ашықтыққа қамтамасыз ету мақсатында барлық мемлекеттік мекеме қаражаты «Ашық бюджет», жергілікті өкімдік сайттарында жарияланып, әр ай сайын қаражат қозғалысы көрсетіліп отырылады.

Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары үнемі бақылауға алынған. Жалпы, кез-келген қызметкер отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұстана білсе, бұл ішкі мәселе болмайды.

Әрбір қоғам дамуының жағымды жағымен қатар, көпкемілі тұсы қатар жүргендіктен, халқымыздың әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өсіп-өнуі көрініс тапқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту - әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз.

## ТАҒАЙЫНДАУ

Әйтеке би ауданында «Әйтеке би аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты үш коммуналдық мемлекеттік мекемесі ашылып, өз жұмысына кірісті. Олар «Отбасын қолдау», «әлеуметтік қызмет көрсету» және «Белсенді ұзақ өмір сүру» секілді үш бағыттағы орталықтар тұрады.

Жаңадан ашылған мекеме басшылары туралы таныстыра отырып, аудан тұрғындарына өздерін толғандыру мәселелер жайында кеңес алуға болатынын айта кеткіміз келеді.

Жаңа ұжым басшыларының жұмысына сәттілік тілейміз!

«Әйтеке би аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе облысының Әйтеке би аудандық отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне директор лауазымына Смағұлға Раушангүл Смағұлқызы тағайындалды.



Смағұлға Раушангүл Смағұлқызы 1963 жылы 25-ақпанда Тереңсай ауылында дүниеге келген. 1970-1980 жылдары Қосмопол орта мектебінде білім алған. 1980 жылы Жабасақ орта мектебінен қызмет жолын бастаған.

1981 жылы Ақтөбе педагогикалық институтының филология факультетіне түсіп, 1986 жылы қазақ мектебінің орыс тілі және орыс әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп шыққан.

Смағұлға Раушангүл Смағұлқызы 43 жыл еңбек өтілі бар ардагер ұстаз. Қазіргі уақытта зейнеткерлікке шықса да, Қосмопол жалпы орта білім беретін аралас мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып қызмет етіп келеді. ҚР Білім беру ісінің ұстазы, ҚНП қызметкерлерінің алғашқы съезінің делегаты. Аудандық Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің алғашқы директоры лауазымын бірнеше жыл атқарды. Аудандағы кәсіптік колледж басшылығында болды. 2 жыл ауыл өкімі қызметінде жүріп, қоғамға өзіндік үлесін қоса білді. Облыстық мұғалімдер арасындағы М.Әуезов конкурсының жүлдегері.



«Әйтеке би аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе облысының Әйтеке би аудандық әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне директор лауазымына Айтұғанов Жәнібек Жалбырұлы тағайындалды.

Айтұғанов Жәнібек 06 қыркүйек 1985 жылы Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Қарабұтақ ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. 2007 жылы А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Информатика» бакалавры, 2012 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Құқықтану» мамандықтарын бітірген.

Еңбек жолын 2009 жылы «Халыққа қызмет көрсету орталығы» Әйтеке би аудандық бөлімінде инспектор болып бастаған. 2013-2018 жылдары аралығында «Халыққа қызмет көрсету орталығы» Әйтеке би аудандық бөлімінде Реттеу зал басшысы, 2018-2024 жылдар аралығында Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Ақтөбе облысы филиалының Әйтеке би аудандық халыққа қызмет көрсету бөлімінде Бөлім басшысы болып қызмет атқарған.

Отбасылы, 2 бала тәрбиелеп отыр.

«Әйтеке би аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе облысының Әйтеке би аудандық белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры лауазымына Балмуханова Гүлсімәй Жұмабекқызы тағайындалды.



Балмуханова Гүлсімәй 15 шілде 1994 жылы Өзбекстан Республикасы Қарақалпақстан мекені Нукус қаласында дүниеге келген. Білімі жоғары. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің «Тарих» факультетін тәмамдаған. Сонымен қатар арнаулы-орта білімі Ақтөбе гуманитарлық колледжі «Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі».

Алғаш еңбек жолын Мәртеқ аудандық мәдениет үйінде «Халық шығармашылық әдіскері» болып бастаған.

Кейінгі жылдары Мәртеқ аудандық Шевченко негізі мектебінде «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» әрі ауылдық клуб «менгерушісі», Әйтеке би аудандық ҚБ «Мейірімді жүрек 04» белсенді ұзақ өмір сүру орталығында «Мәдени ұйымдастырушы» болып қызмет жасады.

Осы қызметке тағайындалғанға дейін Әйтеке би аудандық ҚБ «Мейірімді жүрек 04» белсенді ұзақ өмір сүру орталығында «Администратор» қызметін атқарған.

Отбасылы, 2 бала тәрбиелеп отыр.



## ОРТАЛЫҚТА ӨТКЕН ШАРА

Аудандық белсенді ұзақ өмір сүру орталығы Наурыз мерекесін мәнді де, мағыналы өткізуге ерекше мән берген. Арнайы жабдықталған бөлмеде шаңырақ пен ұлттық нақыштағы безендірулер келген қонақтардың назарын аударып, шараның шырайын арттыра түскен.

Аталмыш орталықтың әдіскер-ұйымдастырушысы Б.Премағамбетова ұлыстың ұлы күні туралы жыр жолдарымен көшті ашты.

Алдымен мерекелік құттықтау сөзді осы ғимаратта отырған үш мекеменің атынан Әйтеке би аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Шынболат Жүсіпов алып, мерекелік атына арналған басқосуға келгендерді құттықтап, мерекелік лебізін білдірді.

Жанайы Сералиннің сүйемелдеуімен «Сәулем-ай» апалар хоры

халық әнін әуелетсе, Ляззат Жолдыбайқызы «Ерулік» салт-дәстүр көрінісін назарға ұсынып, дене шынықтыру мағалімі Гүлден Асқарқызы қазақтың ұлттық ойындары - асық ату, арқан тарту, бес тас және қол күрестен жарыс ұйымдастырды. Сондай-ақ, орталық психологы Құнсұлу Қалиоллақызы асық тандату арқылы сұрақ-жауап негізінде қызықты ойын өткізді.

Дастархан басынан Наурыз кеше, дастархан мәңгі берілді. Келген қонақтарға отбасын қолдау орталығының директоры Раушангүл Смағұлқызы және Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Гүлсімәй Жұмабекқызы алғыстарын білдіріп, жылы лебіздері ұсынды.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы ұйымдастырушы шара жақсы дәрежеде өтіп, келушілердің көңілдеріне серпіліс сыйлады.

Ақпараттардың жалғасы 4-бетте

## Өрелі мерекенің онкүндігі

### 14 наурыз - Амал күні

Аралтоғай ауылдық клубының меңгерушісі Берік Қуанышевтың ұйымдастыруымен «Амал күніне» орай мерекелік шара өткізілді.

Оған ауылдық ақсақалдар мен клуб қызметкерлері жиналды. Бұрын Маңғыстау жақтың тұрғындарында ғана атап өтілген, тек соңғы бірер жылда ғана еліміз бойынша қолға алынып, тойланып, халықтық мерекеге айналып келе жатқан амал мерекесі туралы, оның маңызы жайлы әңгімелер өрбітілді.

Кітапханашы Ж.Билисова наурыз көже әкелсе, қалған нәзік жандылар қауымы дастарханды жайнатып тастады. Ауылдық өкімшілік арулары ұлттық киіммен келіп, қазақтың ұлттық дәстүрін таныта білді. Соңында ауыл ақсақалы Ж.Қаналин дастарханға бата берді.

### 15 наурыз - Қайырымдылық күні

«Әйтеке би аудандық отбасын қолдау орталығының» басшысы Раушангүл Смағұлға мүмкіндігінше тектәулі жандарды шақырып, өз құрметін көрсетті. Онда әндер шырқалып, би биленді. Шындығын айтқанда, жабырқаулы көңілдерге шуақ төккен сәт болды. Раушангүлдің өзі барлық шараны басқарып, біздердің осынау кештен жақсы әсер алуымызға, көңіліміздің көктемдей болуына бар күш-жігерін жұмсады. Біз үшін бұл жақсы және әсерлі сәт еді.

Мені осындай мерекелік күндер аясында орталыққа шақырып, жақсы демалыс сыйлағаны үшін орталықтың басшысы мен қызметкерлеріне, аудандық әлеуметтік қорғау бөлімінің басшысы Шынболат Жүсіповке, арнайы дастархан жайып, қонақтарды құрметтеген кәсіпкер Қуат Нұрабайұлына, аталған шараға баруымызды қамтамасыз еткен диспетчер Ақылбек Қожақметовке, «инвентарис» жүргізушілері Қайрат Әбдугалиевке, Темірбек Кеңпейісовке аналық алғысымды арнағым келеді.

Өрне, көңіліме ұнаған шараның қызықты өткенінен жанымға шуақ алдым десем болады және серпіліс берді.

Орталық басшысы Раушангүл Смағұлға алдағы кездері де осындай шара ұйымдастырылып отыратынын және біздерді шақыратынын айтты. Бұның өзі біз үшін жақсылық нышаны деуге болады.

Сәнім Қуандықова,  
1 топ мүгедегі, «Алтын алқа» иегері.

### 16 наурыз - Шаңырақ күні

Тереңсай ауылдық клуб меңгерушісі Кеңес Гүлбану Наурызжанаманов он күндігі аясында, Санабаевтар отбасысымен кездесу сұхбат ұйымдастырды. Кездесуде отбасы мүшелері туралы, отбасыларының құндылықтарын айтып, өз отбасыларын кеңінен таныстырды. Санабаевтар отбасы туралы сұрақтар қойып, сұхбат алынды. Санабаевтар отбасында әкесі Алмахан Нұрлыбек - Тереңсай ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы, сонымен қатар қоғамдастық мүшесі. Анасы Унагарбаева Анар - «Шаттық» балабақшасының меңгерушісі, жас отбасы. Санабаевтар Рамазан және келіншегі Ақжайнақ екеуді Тереңсай ЖОБ-ЕМ мұғалімдері. Осы отбасының қыздары да мұғалім, білімге жақын жандар. Жалпы білімді от-



басы десек те артық емес. Осындай мерейлі, қонақжай, берекелі отбасымен сұхбаттасу бір мәртебе. Көгер көзе үлгі болатын осындай отбасылар елімізде арта берсін.

### 17 наурыз - «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні»

Наурызнама онкүндігі аясында аудандық музейде «Жылқы өркені» атты танымдық тақырыптық кеш өткізілді. Шараға Әйтеке би аудандық ат спорты қоғамдық бірлестігінің мүшелері Кеңесбаев С., Елеусізов Ж., Уәлиев Н., шақырылды.

Кеш барысында ат әбзелдерінің жасау әдістері мен ерекшеліктерінің терең дәстүрге негізделгені баяндалып, әрбір жабдықтың атауы мен қызметі, қолдану мақсаттары таныстырылды. Атбегі Елеусізов Ж. асыл тұқымды бөйге атын баптаудың қыр-сырымен бөлісіп, шеберлік сағатын өткізді.

Танымдық шараға М.Жұмабаев атындағы ЖОББ мектебінің оқушылары да қатысып, қазақтың бай мәдениетімен танысты. Кеш соңында музей ұжымы Әйтеке би аудандық ат спорты қоғамдық бірлестігінің ұжымына алғыс хат табыстады.

### 18 наурыз - Ұлттық киім күні

Сан ғасырлар бойы қазақтың ұлттық киімі қарапайымдылығымен және үйлесімді үлгісімен ерекшеленеді. Ұлттық киім үлгісінде пайдаланылатын былғары, жүн, киіз, мата сияқты табиғи материалдар, асыл тастар мен металлдар адамға жылулық пен жайлылық сыйлаумен қатар, киім иесінің атақ-дәрежесін, байлығын көрсететін.

Ұлттық стиль ұлттық мінез бен ұлт бірлігін айшықтай отырып, ел мәдениеті мен тарихының ажырамас бөлігіне айналды. Ұлттық киім күні - киім үлгісі арқылы әр адамға өз даралығын білдіруге, сонымен қатар Қазақстанның бірлігі мен мәдени әралуандығын танытуға мүмкіндік береді. Әйке ауылында наурызнама онкүндігі аясында ұлттық киімдердің нақыштылығы мен сәнділі-

гін және қазақтың даналығы мен даралығын айшықтайтын салтанатты шара өтті. Онда әжелер мен немерелері ұлтымыздың киімімен шығып, кеш мәнін арттыра түсті.

### 19 наурыз күні

«НАУРЫЗНАМА» онкүндігі аясында 19 наурыз күні Әйтеке би көпсалалы колледжінде «Қош келдің, өз Наурыз!» атты сайыс ұйымдастырылды. Шараның мақсаты білім алушылардың бойындағы әдемілік, сыпайлық, серпіл қасиеттерін дөңгелеп, өзгелерге үлгі ету, ұлттық әдебиет пен өнерімізді насихаттау, жастардың шығармашылық қасиетін насихаттау. Шараға 1-2 курс студенттері қатысты. Колледж директоры М.Жиенқожаев барлық қатысушыларға өз алғысын білдіріп, мерекемен құттықтады. Шараға қатысқан командаларға алғыс хат табысталды.

### 20 наурыз - Ұлттық спорт күні

Наурыз мерекесіне орай, Наурызнама онкүндігі аясында өткізілген «АСЫҚ АТУДАН» жарыс өз мәресіне жетті.

Бұл ұлттық спорт түрі жастар мен үлкендер арасында үлкен қызығушылық туғызып, қатысушылардың жоғары нәтижелер көрсетуіне себеп болды.

Жарыс қорытындысы бойынша Елеусіз Нұрсұлтан, Көмекбай Жиенкелді, Абиляев Айдос жүлделі орындарға ие болды. Наурыз мейрамы аясындағы осындай шаралар ұлттық мәдениетімізді қайта жаңғыртуға, жастарды дене тәрбиесіне баулуға зор ықпал етеді.

### 21 наурыз - Жаңару күні

Бірлігі мен ынтымағы жарасқан Талдысай ауылында тұрғындардың ұйымдастыруымен Наурыз мерекесі ерекше әсерлі өтті.

Аудан өкімінің орынбасары Т.Түкбаев және ауылдық округ өкімі С.Абиловтың құттықтау сөздерімен ашылған шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылуы көпшіліктің көңілінен шықты.

(Жалғасы 2-бетте).



## ТҮРКІСТАНҒА ТАНЫМДЫҚ САЯХАТ

Түркістан - сан ғасырлар бойы әлем тарихын қойнауына бүккен Түркі елінің бас шаһары, Қазақстан халқының рухани астанасы. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан құтты мекен топырағына 22-24 наурыз аралығында Әйтеке би ауданының 28 жас ұстаздары кәсіподақ ұйымының қолдауымен танымдық саяхатқа барып қайтты.

Саяхаттың алғашқы күнінде жас ұстаздар ең алдымен Арыстан баб кесенесіне барып, әлемге әйгілі Қожа Ахмет Яссауидің ұстазына зиярат етті. Одан кейін Отырар асплан асты мұражайына тарихи-танымдық экскурсия жасап, әрі қарай Гаухар ана кесенесіне жол тартты. Сонымен қатар VII-VIII ғасырларда өмір сүріп, пайғамбарымыздың сахабасы болған Үкәша ата құддығы мен кесенесінде дұға қылды. Және 1000 жылдық тарихи бар Тұт ағашының аңыз-деректе-

рімен танысты.

Саяхаттың екінші күні сапар Шымкент қаласы маңында жалғасты. Алдымен "Ай-даһар үңгірі" деген аңызға арқау болған Ақмешіт үңгіріне танымдық саяхат жасаудан басталған бұл күн, әрі қарай Домалак ана кесенесін зиярат етумен жалғасты. Одан бөлек мұғалімдер Шымкент қаласының көрікті де көркем жерлерін аралап, қаланың терең тарихымен таныс болды. Кешкілік серуен Керуен-Сарай туристік кешенінде жалғасып, жастар "Қыз Жібек пен Төлеген" және тағы басқа да музыкалық фонтанмен әсемделген қойылымдарды тамашалады.

Танымдық сапардың үшінші күнінде жас педагогтер Түркістан қаласының символына айналған Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне барып рухани азықпен суусындап, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңірді. Кесене

маңындағы қасиетті орындар мен мұражайды аралап ортағасырдағы мәдениет пен өркениеттің қадір-қасиетін тереңірек таныды.

Жастар – кез-келген қоғамның болашағы мен қозғаушы күші. Жастарды қолдау - ертеңгі елдің келешегін гүлдендірумен пара-пар. Осы орайда кәсіподақ жұмысының тиімділігі – кәсіподақ мүшелері мен олардың отбасы мүшелерін сауықтыру, мұғалім еңбегін бағалап, оларды барынша көтермелеу шараларын жүзеге асыруында. Мақжан ақын айтқандай "Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты..." жас мұғалімдердің киелі Түркістан өлкесіне саяхат жасауына мүмкіндік сыйлаған Әйтеке би аудандық білім бөлімі мен аудандық кәсіподақ ұйымына зор алғысымызды білдіреміз!

**С.Саймов,  
аудандық жастар кеңесінің төрағасы.**



## Бұрысқа толы ұлы күн

Наурыз - көктем мен жаңау мерекесі. Бұл Қазақстанның ең ауқымды мерекелерінің бірі. Ұлы-станның ұлы күні деп Наурыз мерекесін Ақкөлдiктер жылдағы үрдістен жоғары жаңғыртып, көше-көше болып, дастархан жайып, наурыз көжеден барша жамағатқа дәм татырып, үлкендер жағына ас беріліп, ән мен күйден шашу шашты. Әр көше бойында қыз-келіншектер жағы халық әндерін шырылдап, келген қонақтарды тәнті етті. Ұлттық ойындар ойнатылып, көршілес ауылдардан, қаладан келген қонақтар ауылдың мерекелік көңіл-күйіне, халқының жомарттығына дән риза болып жатты. Соның ішінде «Қазақ күресі» ұлттық ойынына жылда жасөспірімдер қатысса, биыл жастар жағы бақтарын сынап, қаладан, көршілес ауыл-аймақтан келген палуандар өз күштерін сынады. Рамазан айымен тұспа-тұс келген Ұлыстың ұлы күні мерекесінде 22 наурыз күні ораза ұстаған барша жамағатқа ауызашар беріліп, оразадан оразаға аман жетейік,-деп ықпаласиеттерін білдіріп, алғыстарын жаудырты. Он күнге созылған наурызана тұқырымдамасының әр күні игілік пен тәрбиеге толы күн болды. Аталған әр күн өз ерекшелігімен ел есінде қалды. Жалпы осы он күндік мейрам ішінде бала да, жас та, жетілген де, кіші де толық қамтылды. «Бірлік бар жерде-тірлік бар». Бірлігі жарасқан, берекелі ел болып, іргеміз ажырама-сын. Ұлыс оң болсын!

**Б.Дауылбаева,  
Ақкөл ауылдық клуб меңгерушісі.**

Жұлдызды Жабасақ ауылында Наурыз мейрамы кеңінен аталып өтті. Наурыз мерекесі екі күнге созылып, ауыл тұрғындары үшін ерекше қуаныш пен мерекелік көңіл-күй сыйлады. Дәстүрлі мейрамға арнайы киіз үй тігіліп, қазан-қазан көже асылып, ұлттық тағамдар әзірленді.

22 наурыз күні әр көше тұрғындары наурыз көже дайындап, ауыл халқына ұсынды. Ақсақалдар ақ баталарын беріп, елдің амаңдығы мен берекесін тіледі. Наурыз көжеден кейін мерекелік шара ұйымдастырылып, әр көше өз өнерлерін көрсетті. Қазақтың ұмытылып бара жатқан дәстүрлері сахналынып, көпшілікке тарту етілді. Ауыл әкімі Ербол Төреғалиұлы тұрғындарды Наурыз мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Мерекелік шарадан кейін ұлттық ойындардан жарыстар өтті. Арқан тартыс сайысында әйелдер арасында "Көршілер" командасы жеңімпаз атан-

ды. Қазақ күресінен ересектер арасында Төреғали Әлі бірінші орынды иеленсе, әйелдер арасындағы қол күресінде Аманқосова Шакизада үздік шықты. Батпан көтеру сайысында Жапарұлы Серік жеңімпаз атанып, өзінің күш-жігерін көрсетті.

Наурыз той 23 наурызда ат жарысына жалғасты. Мерекенің екінші күні ауыл жастарының ұйымдастыруымен тай бөйге және аламан бөйге өтті. Бұл жарыстарға жан-жақтан шабандоздар қатысып, барлығы 40 ат сынға түсті. Аламан бөйгеде Қарашатау ауылының шабандозы Нағашыбай Думан жеңімпаз атанса, тай бөйгесінде Жүргенов ауылының шабандозы Махмұтов Әмір топ жарды.

Бұл жарыстарға ауыл азаматтары демеушілік жасап, жеңімпаздарға арнайы сыйлықтар табысталды. Осылайша, Жабасақ ауылында Наурыз мейрамы ұлттық дәстүрлер мен спорттық жарыстарға толы, есте қаларлық мереке болды. Тұрғындар мерекені ерекше көңіл-күймен атап өтіп, бір-біріне ақжарма тілектерін арнады.

**Шұғыла Айбарқызы,  
«Жабасақ ЖОББМ» 10-сынып оқушысы.**

Әйке елі де Наурыз мерекесін керемет тойлады. Ауыл әкімі М.Ергазиевтің құттықтауымен басталып, ауыл ақсақалы Бақытжан ата елге бата беріп, Сақып атамыз құран бағыштады. Ауыл - ауыл болып көже асып, ет асып, ұлттық тағамдарын қойып, ақ дастархан жайды. Ауылдың үлкенінен кішкентай балаларымызға дейін көже ішті. Мерекелік концерт ауыл өнерпаздарының қатысуымен өтті. Ұмыт болып бара жатқан салт - дәстүріміз "Қымызмурындық", "Шешешпан", "Жиен сыбаға" жаңғыртылды. Айбол, Арыстан жас әншілеріміз аспаптармен, Мақсат ағай, Гүлжан, Нұржамал, Қарлығаш апаларымыз ән шығады, Раушангүл келін қазақ биін билеп берді, кішкентай Санжар домбыра сағынған елге күй ойнап берді. Әжелеріміз ауылдың алтыауызын орындады. Қазақ қызының көркі ұлттық киім үлгісі көрсетілсе, кішкентай аруларымыздың қос бұрымы көзайым болып, ене мен келін шеруі ұйымдастырылды.

Спорттық ойындар мерекенің шырайын келтірді. Арқан тартып, тай жарысып, қол күресін, гир көтеріп, жауырынды палуандар бақ сынасқан жарыс жігіттер қауымының арасында керемет тартысқа ұласты. Мерекелік шара марапатпен аяқталды. Ауыл зейнеткерлері, жеке қожалықтар, кәсіпкерлер демеушілік жасады.



Ақпараттар аудан әлеуметтік инстаграм желісінен және оқырман хаттарынан әзірленді.

## Көктемгі мұз қауіпті!

Көктемде өзендер мен көлдердегі мұз тез сынғыш болады, «жұқарады», төменнен ағыс әсерінен, ал жоғарыдан күн әсерінен, ол оны тез сынғыш, жұқа мұз етеді, бірақ сыртқы түрі берік көрінеді. Мұндай мұз адамның салмағын көтере алмайды. Онымен жүру өте қауіпті, кез-келген уақытта ол сынып кетуі мүмкін. Қысқы балық аулау орындарында мұзға шыққан кезде ерекше назар аудару керек. Зерттелмеген мұзға шығу қауіпті, егер өту қажет болса, мұздың беріктігін таяқшамен тексеру керек. Жағадан өте мұқият түсу керек-мұз құрлықпен қатты емес күйде қосылады, сол себепті мұздың астында ауа болып, жарықтар пайда болуы мүмкін. Сондай-ақ, мұз су ағынының жанында, өсімдіктер өсетін жерлерде, қар үйінділерінің астында жұқа болады.

• **Көктемгі су тасқыны мен мұздың қозғалуы кезінде абай болыңыз!**  
• **Өз өміріңізге және балаларыңыздың өміріне қауіп төндірмеңіз!**



## Весенний лед опасен!

Весной лед на реках и озерах становится рыхлым, "съедается", снизу подтачивается течением, а сверху солнцем, оно делает его пористым, рыхлым, хотя внешне он выглядит крепким. Такой лед не способен выдержать вес человека. Очень опасно по нему ходить, в любой момент может рассыпаться под ногами и сомкнуться над головой. Особую внимательность необходимо проявлять при выходе на лед в местах зимнего лова рыбы. Выходить на необследованный лед опасно, при необходимости перехода нужно пользоваться палкой-пешней, проверяя прочность льда. Особенно осторожно нужно спускаться с берега - лед может неплотно соединяться с водой, возможны трещины, под ледом может быть воздух. Также лед непрочен около стока вод, в местах произрастания растительности, под сугробами.

• **Будьте осторожны во время весеннего паводка и ледохода!**  
• **Не подвергайте свою жизнь и жизнь ваших детей опасности!**

**Әйтеке би ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

### «Дорстрой» ЖШС

«Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданындағы Боготоль кен орнының гранитін (3-учаске) магмалық тау жыныстарын өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 2 мамырда сағат 10.00-де Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Комсомольский а.о., Комсомольское а., Т.Жүргенов к-сі, 67, Целинник мәдениет үйі мекенжайында өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecoportal.kz>), сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Барлық ескертүүлەر және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ [expert\\_oos@mail.ru](mailto:expert_oos@mail.ru) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecoportal.kz>) және ЖАО сайтында ұсынылады <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Онлайн қосылуларға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/83844333497?pwd=Gy0nNlI61ouJ54ABv44JaFaFz219.1>

Конференция идентификаторы: 838 4433 3497. Кіру коды: 3UKm4T.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: [laura13\\_88@mail.ru](mailto:laura13_88@mail.ru) және 87085265393 телефоны.

Жоба бастамашысы: «Дорстрой» ЖШС, БСН 960540000343, ҚР, Қызылорда қ., Жібек жолы-3 түйек көшесі, 45 ғимарат, тел.: 8707-017-0087, e-mail: [too.dorstroy@gmail.com](mailto:too.dorstroy@gmail.com).

Жобаны әзірлеуші: «PEGAS OIL COMPANY» ЖШС, БСН 140840007866, ҚР, Ақтөбе қ., Алматы ауданы, Заречный-2 т.а., 704/7 үй, тел.: 8 777 167 9393, e-mail: [marat\\_bekmukashe@mail.ru](mailto:marat_bekmukashe@mail.ru).

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

### ТОО «Дорстрой»

объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту: «Отчет о возможных воздействиях на «Плану горных работ на добычу магматических горных пород: гранита Боготольского месторождения (участок 3) в Айтекебийском районе Актюбинской области Республики Казахстан».

Общественные слушания состоятся 2 мая 2025 года, в 10.00, по адресу: Актюбинская область, Айтекебийский район, Комсомольский с.о., с.Комсомольское, ул.Т.Жүргенова, 67, Дом культуры Целинник.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (<https://ecoportal.kz>), а также сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале, а также по эл. адресу: [expert\\_oos@mail.ru](mailto:expert_oos@mail.ru).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале (<https://ecoportal.kz>) и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Ссылка на онлайн подключения: <https://us05web.zoom.us/j/83844333497?pwd=Gy0nNlI61ouJ54ABv44JaFaFz219.1>

Идентификатор конференции: 838 4433 3497. Код доступа: 3UKm4T.

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: [laura13\\_88@mail.ru](mailto:laura13_88@mail.ru) и по телефону: 8708-526-53-93.

Инициатор проекта: ТОО «Дорстрой», БИН 960540000343, РК, г.Кызылорда, переулок Жибек жолы-3, здание 4Б, тел.: 8707-017-0087, e-mail: [too.dorstroy@gmail.com](mailto:too.dorstroy@gmail.com).

Разработчик проекта: ТОО «PEGAS OIL COMPANY», БИН 140840007866, РК, г.Ақтөбе, район Алматы, ж.м. Заречный-2, дом 704/7, тел.: 8777-167-93-93, e-mail: [marat\\_bekmukashe@mail.ru](mailto:marat_bekmukashe@mail.ru).

## ХАБАРЛАНДЫРУ

### «Дорстрой» ЖШС

«Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданындағы Боготоль кен орнының гранитін (3-учаске) магмалық тау жыныстарын өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, рұқсат етілген шығарындар нормативтерінің жобасы (рұқсат етілген шығарындар нормативі), қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, іс-шараларының жоспары жобалары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 2 мамырда сағат 11.00-де Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Комсомольский а.о., Комсомольское а., Т.Жүргенов к-сі, 67, Целинник мәдениет үйі мекенжайында өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecoportal.kz>), сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Барлық ескертүүлөр және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ [expert\\_oos@mail.ru](mailto:expert_oos@mail.ru) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecoportal.kz>) және ЖАО сайтында ұсынылады <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Онлайн қосылуларға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/83844333497?pwd=Gy0nNlI61ouJ54ABv44JaFaFz219.1>

Конференция идентификаторы: 838 4433 3497. Кіру коды: 3UKm4T.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: [laura13\\_88@mail.ru](mailto:laura13_88@mail.ru) және 87085265393 телефоны.

Жоба бастамашысы: «Дорстрой» ЖШС, БСН 960540000343, ҚР, Қызылорда қ., Жібек жолы-3 түйек көшесі, 45 ғимарат, тел.: 8707-017-0087, e-mail: [too.dorstroy@gmail.com](mailto:too.dorstroy@gmail.com).

Жобаны әзірлеуші: «PEGAS OIL COMPANY» ЖШС, БСН 140840007866, ҚР, Ақтөбе қ., Алматы ауданы, Заречный-2 т.а., 704/7 үй, тел.: 8 777 167 9393, e-mail: [marat\\_bekmukashe@mail.ru](mailto:marat_bekmukashe@mail.ru).

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

### ТОО «Дорстрой»

объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектам: Раздел охраны окружающей среды, проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), программа управления отходами, программа производственного экологического контроля, план мероприятий для «Плана горных работ на добычу магматических горных пород: гранита Боготольского месторождения (участок 3) в Айтекебийском районе Актюбинской области Республики Казахстан».

Общественные слушания состоятся 2 мая 2025 года, в 11.00, по адресу: Актюбинская область, Айтекебийский район, Комсомольский с.о., с.Комсомольское, ул.Т.Жүргенова, 67, Дом культуры Целинник.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (<https://ecoportal.kz>), а также сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале, а также по эл. адресу: [expert\\_oos@mail.ru](mailto:expert_oos@mail.ru).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале (<https://ecoportal.kz>) и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Ссылка на онлайн подключения: <https://us05web.zoom.us/j/83844333497?pwd=Gy0nNlI61ouJ54ABv44JaFaFz219.1>

Идентификатор конференции: 838 4433 3497. Код доступа: 3UKm4T.

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: [laura13\\_88@mail.ru](mailto:laura13_88@mail.ru) и по телефону: 8708-526-53-93.

Инициатор проекта: ТОО «Дорстрой», БИН 960540000343, РК, г.Кызылорда, переулок Жибек жолы-3, здание 4Б, тел.: 8707-017-0087, e-mail: [too.dorstroy@gmail.com](mailto:too.dorstroy@gmail.com).

Разработчик проекта: ТОО «PEGAS OIL COMPANY», БИН 140840007866, РК, г.Ақтөбе, район Алматы, ж.м. Заречный-2, дом 704/7, тел.: 8777-167-93-93, e-mail: [marat\\_bekmukashe@mail.ru](mailto:marat_bekmukashe@mail.ru).

### Меншік иесі: Геннадий СТРУЧКОВ

«Жаңалық жаршысы» аудандық газеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің ақпарат және мұрағат агенттігінде 2013 жылы 6 мамырда тіркеліп, №13598-Г куәлігі берілген

Жарияланым авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді және қолжазба қайтарылмайды. Жарнама мазмұны үшін жарнама беруші жауапты.

### Редактор Егенберлі ӘБДІРАЕВ

Шеф-редактор А.Нұрболұлы  
Есепші Бадиғұл Садықова

Газет аптасына бір рет шығады.  
Таралымы 1105 дана. Тапсырыс №341  
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65510

### Мекен-жайымыз:

030100 Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Т.Жүргенов ауылы,  
Әйтеке би көшесі, 28.

Байланыс телефондары: 8 (713-39) 211-87, директор 8 (713-39) 22-5-88

Газет «Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылады.  
Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9/2.

Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.